

"Достық" автомобиль өткізу пунктін пайдалануға беру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 510

1. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің, Талдықорған облысы әкімінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1995 жылдың 20 желтоқсанынан бастап уақытша схема бойынша шектелген тәртіппен (қатынасы екі жақты) "Достық" (Талдықорған облысы) автомобиль өткізу пунктін пайдалануға беру жөніндегі бастамшылығы мақұлданды.

2. "Достық" автомобиль өткізу пунктінң үйлер кешені белгіленген тәртіппен "Достық" кеденінің балансына берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігімен "Достық" автомобиль өткізу пунктін ресми түрде пайдалануға беру туралы ноталар алмастырсын.

4. Талдықорған облысының әкімі Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің және басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп, "Достық" автомобиль өткізу пунктін пайдалануға беру жөніндегі ресми шаралардың бағдарламасын пысықтасын.

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары